

01.02.2014



Мәңгілік өмір жыршысы

Қараша ҚАРАМАН,
журналист.
Қаратал ауданы,
Алматы облысы.

Қысқа ғұмырына қарамастан, адамзаттың мәдениет қазынасына өшпес үлес қосқан, тума талант, асқан дарындардың өткеніне әлем тарихы куә. Дүние жүзінің әдебиет оқырмандары бас иген Г.Гейне, Ф.Шиллер, Ю.Лермонтов есімдері осыны айғақтайды. «Ер есімі, әрқашан ел есінде». Бүкіл Одақтық староста М.Калинин 1919 жылы жастар алдында сөйлеген сөзінде: «Адам өмірі ұзақты, қысқалығымен өлшенбесе керек. Бар болғаны 24 жас жасағандар бар да, жүз жасап-ақ сақалы аузына түскен қариялардың арада жыл, ай өтісімен ұмытылары тағы бар. Халқым үшін жан пида деп, Отаны үшін отқа түскен 24 жастағылар ел жүрегінде қашан да мәңгілік жасайды», – деген болатын. Бұл туралы да Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың «Сексен жасап сегіз сөз қалдырмаған, ондайлардың тағдырын берме маған» дегені айтар ойды түйіндей түседі.

Барша жұртты аузына қаратқан Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев пен «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп жырлаған арынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды жандар қазақ топырағында да бар. Абай сүйікті ұлы Әбдірахманның мезгілсіз қазасына шығарған өлеңінде:

«Құйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады.

Көрген-білген өкінді,

Мін тағар жан болмады», –

дегендей, халқымызда «Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп, көп тұрмаған, көрген-білгенді өкіндірген» аса қымбат, асқақ талант иелері бар. Солардың бірі – жастық жыршысы Саттар Ерубаев.

Ол ортамызда қашанда жалындаған жастық күйінде жүреді. Солай елестетеміз. Басқалай елестетіп, ұйғаруымызға еш себеп жоқ. Мүмкін де емес. Бүгінгіге де, кейінгіге де жастық жалын боп жырланады. «Өмірге сүйген жардай ғашық» Саттар ғұмырының қысқалығына қарамастан, өткен ғасырдың екінші ширегінде қазақ әдебиеті мен журналистикасының қалыптасу, өркендеу дәуіріне сүбелі үлес қосып, өзіндік қолтанбасын қалдырған жан.

Саттар Ерубаев 1914 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданында (бір деректе Шәуілдір) дүниеге келді. Саттар әкеден жастай айрылып, шеше қолында азық болып, тұрмыс ауыртпалығынан балалар үйінде тәрбиеленеді. Өсе келе, мақтаныш сезіммен «Бақытты да, қуаныш, махаббатты да өмірден таптым», – деп ағынан жарылады. Мектепті үздік аяқтап, сәл уақыт комсомол жұмысына араласқан Саттар Алматыдағы жоғары оқу орындарына даярлайтын дайындық курсына оқып, 1930 жылы Ленинградтағы қазіргі Санкт-Петербург тарих-философия лингвистика институтына түседі. (Институт кейін Ленинград философия факультетіне қосылып кетеді). Білімге құштар жан университетті 19 жасында үздік бітіреді. «Орыс неормитизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» деген тақырыпта диплом жұмысын өте жақсы бағаға қорғап, бәйге алады. Ұстаздары Саттарды университеттің аспирантурасына қалдыруды ұйғарады. Талантты жасқа ғылым жолы осылайша ашылады. Әйтсе де, сол тұс шұғылалы Шығыста бой көтерген Қазақстандай байтақ өлке, алып республикада мамандықтың қандай бір түрі болмасын ұлттық кадрларға тапшы, зәру кезең болатын. Саттарды Қазақстан өлкелік комсомол комитеті 1933 жылы республикалық жастар газетіне қызмет етуге арнайы шақырып алды. Ол алдымен «Ленинская сменада» әдебиет бөлімінің меңгерушісі, «Лениншіл жас» газетінде редактордың орынбасары міндетін атқарып, жастар газетінің, жастар трибунасының жандануына айтарлықтай еңбек сіңірді. Көп ұзамай 1934 жылы 5-ші шілдеде БК/б/П Қазақстан өлкелік комитеті Арқа төсіндегі өндіріс алыбы, Отандық «үшінші кочегарка» – Қарағандыдағы «Қарағанды пролетариаты» газетінің жұмысы жөнінде қаулы қабылданды. Саттар 1934 жылдың 9 шілдесінен 1935 жылдың 12 мамырына дейінгі аралықты алғаш осы газеттің комсомол бетінің редакторы, кейін жауапты редактордың орынбасары қызметін атқарады. Ал, 1935 жылдың жазында Алматыға оралып, Ленинградтың аспирантурасына түсуге даярланады. 1935-1936 жылғы оқу жылында ол аспирантураға түседі. Бой алып, меңдеп кеткен кеселді ауруы оқуын әрі жалғастыруға мүмкіншілік бермейді. 1936 жылдың қыркүйегінен бастап ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына доцент болып орналасады. Мезгілсіз жеткен үлкен мен кішіге қарамайтын мейірімсіз ажал оғы жас талантты балаңдығына, он екіде бір гүлі ашылмағанына қарамастан, 1937 жылы 2 маусымда үзіп кетті.

Өмір деп өткен өр талант жазушы деген мәртебелі атаққа ие болғанға дейінгі аралықта, көркем сөздің алтын соқпағына барарда журналистика жолында шамырқанып, шалдықбай жүріп өтті. Шыңдалу мектебінен серіппедей ширығып, шынығып өтті. Журналист болып, қалам тартқан айналдырған үш жыл уақыт ішінде Саттар соңына том-том, құшақ-құшақ жазу, қыруар еңбек қалдырмаса да, асылдың сынығындай тот баспас, арзымас құнды мұра қалдырды. «Газет – әдебиетте теңдесі жоқ мектеп. Газет мектебі жазушыларды неге үйретеді? Ол көркем проза үшін ең қажетті, ең қымбатты қасиетке: қысқа жазуға, пікірдің дәлдігіне, айқындығына үйретеді», – деп Константин Федин айтқандай, Саттар ұшқыр қаламын мерзімді баспасөзден, газеттен ұштады. Сан қырлы талант иесі Саттар қазақ әдебиетінде тұңғыштардың бірі болып новелла, баллада, пародия, эпиграмма жанрына қалам тартты. Тұңғыштардың бірі болып қазақ әдебиетіндегі өрелі тақырыптардың бірі – өнеркәсіп, жұмысшы өмірін шығармаларына өзек етті. Социалистік реализм әдісімен жазылған, әттең, аяқталмаған «Менің құрдастарым» романы бүгін де құнын жойған жоқ, қазақ әдебиетінің проза саласындағы үлкен жетістігі, зор мақтанышы. Саттардың өршіл романтикаға толы өміршең новеллалары мен ыстық жалынға толы публицистикалық туындылары уақыт сынына төтеп беріп, бүгін де ескірместен алау шашып, жарқыраған үстіне жарқырай түсуде. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының тұңғыш лауреаты, Ленин комсомолының Бүкілодақтық мемориал тақтасында Н.Островский, А.Фадеевпен қатар жазылып, жазушылық атағы Одақ оқырмандарына танымал Саттар Ерубаевтың журналистік һәм публицистік шеберлігіне тоқталуды бөлек бір әңгіменің арқауы деп білемін.

Революция бесігі, әлемдік мәдениет орталығының бірі – Ленинградтан, университет қабырғасынан білім мен өнердің алуан түрінен барынша сусындаған, теориялық жағынан

шыңдалған Саттар баспасөз бен әдебиеттің босағасынан XX ғасырдың отызыншы жылдарында әп дегеннен еркін аттап, жастық жалын, тың қайратпен араласып кетіп еді. Саттардай бесаспап, «көктен сұраса бергісіз» маманды «орталықтан соққан леп» десе де болар еді.

Әдебиет пен баспасөз майданы жауынгерлерінің алдына сол тұста жаңа заманның өскелең талабы, осыған сай оқырмандардың жаңа тілегі, оған лайық тақырып іздеу, публицист ретінде жауап беру міндеті тұрды. Мұндай міндет қаламгерлер мен журналистерге жоғары мазмұнды, жаңа түрді, идеялы шығармалар мен туындылар жасап, сомдап соғу қажеттілігін жүктеді. Ел өміріндегі жаңалықтар мен күллі халық назар аударған жер жүзілік оқиғалар Саттарды, сөз жоқ, ойландырып, толғандырды, осыған орай, ол жан-жақты да күрделі тақырыптарға қорықпай қалам тартты, тайсалмай барды.

Бұл кезеңдегі басты тақырыптардың бірі – ауыл өмірі еді. Саттар да ауыл тақырыбына барғанда, өміршең өмір салтымен оянып, жаңару үстіндегі ауыл көрінісі, бытыраңқы шаруашылықтардың ұжымдасу негізінде топтасып бірігуіне ден қойды. Колхозға мүше болып кірген ауыл адамының, қазақ шаруаларының санасындағы өзгерістер мен психологиясындағы кейбір жаңалықтарды диалектикалық жолмен шынайы көрсетуге ұмтылды.

Саттар ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған шығармаларының көркемдік дәрежесін арттыруға творчестволық тұрғыдан қарады. 1934 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 17 жылдығына орай, қаламдас серігі Ораз Шаяхметовпен бірігіп, «Лениншіл жас», «Жас Алаш» газетінде «Кешегі езілген жарлы – бүгін ауқатты, мәдениетті колхозшы» деген очеркін жазды. Очерк қазақ кедейлерінің эволюциялық, әлеуметтік өсу жолын бейнелейді. Очерктің құнды жағының өзі сол колхоз мүшесі, екпінді Демекұлдың толыққанды образын жасауда соны ізденістерге барған. Оқушысын сендіретін өмірлік фактілерді алға тартып, оқиғаны жеріне жеткізеді.

Отызыншы жылдардағы баспасөздегі өзекті бір сала – өнеркәсіп тақырыбы. Өнеркәсіп тақырыбын көтерудің өз қиындықтары көп болатын. Өндіріс орнын зерттеп-танысу, техниканың тілін білу, оны кең көлемде алып, көсіпте жазуда, жұмысшы образын жан-жақты ашуда журналистер қауымы үшін тосыла беретін тұс еді. Мұның басты себебінің бірі – республика көлемінде өндіріс ошақтарының қаулап бой көтеруі. Баспасөз материалдарының көбісінде техника жаңалығын дәріптеу бірінші кезекте тұратын да, оның қожасы адам техника тасасында қалатын. Өндірістің қыз-қыз қайнаған ортасы, кеншілер қаласы Қарағандыда қызмет ете жүріп Саттар бұл тақырыпта да тосылған жоқ. Қарағанды электр станциясының озат машинисі Е.Бутенконың озық іс-тәжірибесі негізінде «Егор Бутенко» очеркін жазды. Е.Бутенконың үлгілі екпінділігін, қол жеткен табыс мұраттарын әріптестеріне үлгі тұтады. Очерктің басты мақсаты, жұмысшы адамының бақыты – еңбек, мәнді де мағыналы еңбек екенің ашу.

Қарағанды шахтерлері мен өндірісшілерінің өмірінен алынып жазылған осындай очерктері Саттардың «Менің құрдастарым» романына барар жолдағы ниет, талпыныстан, барлаудан туғаны көрініп тұр. Материалдарды күні бұрын саралап, жинап, топтап, зерттеу тәжірибесі еді. Осы орайда, академик, жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Көркем очерк – алдағы күнде туар үлкен еңбектердің барлаушысы. Бұл әрбір жаңалықтарға тез жаңғырғып отыратын жазушының белсенділігін арттыратын сала» деген бағасы ойымызды толықтыра түседі.

Саттар өз кезеңіндегі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің күй-жайына, оның келелі мәселелеріне қалам тартып, өсіп-өркендеуіне өз әлінше үлес қосты. Алғашқы бесжылдықтан бастап-ақ халықтың сауатсыздығын жою ісі мен мәдени революция жүзеге асырылып жатқан елде оның еңбекші бұқарасының саналылығын арттыру жолында қазақ баспасөзінің алдында да атқарылар қыруар істер кезек күтіп тұрды. Қазақ мәдениеті де уақыт үрдісіне орай кең құлаш жайып өркендеді. Қазақ мемлекеттік театрының репертуары мазмұны жағынан байыды. Қазақ әдебиеті, мәдениеті мен өнерінің дамып, өркендегенінің айғағы – 1936 жылы Мәскеуде өткізілген Қазақстанның өнер күндері

болды. Мұндай ел өміріндегі оқиғалар Саттарды да журналист ретінде қалыс қалдыра алмады. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қол жеткен жетістігіне шаттанып, өз бағасын кең түрде беріп, насихаттап, отырды. Газет оқушыларына әрбір жаңалықты кеңінен таныстырып, молынан хабардар етуге ұмтылды. Қазақ әдебиетіне, оның ішінде драматургиясының, мәдениеті мен өнерінің кезек күттірмес келелі мәселелеріне арнап, әдеби көркемдік қуаты жоғары мақалалар мен оның кем соғып жатқан тұстарын түзеп, қатарға қоятын сын материалдар да жазды.

Отызыншы жылдардың ортасынан-ақ қазақ әдебиеті мен баспасөзінде Отан қорғау тақырыбы көтерілді. Еңбекші халықты қырағылыққа шақырды. Өйткені, 1930 жылдың орта белінен ауа әлем халықтарының назары Еуропаға, Жерорта теңізіне, Испания өлкесіне ауды. Адамзат баласының дамуына кесел болып тиген, қанқұйлы фашизм бой көтерді. Соғыс қуаты жағынан жандана бастады. Жан-жағындағы бейбіт елдерге құрығын салып, соғыс отын тұтатты. Міне, осындай шиеленіске, халықаралық оқиғаларға арнап Саттар «Келесі соғыс туралы» фантастикалық әңгімесімен Жапон милитаристерінің соғысқұмар, ашқарақ пиғылдарын атаса, «Фашизм және соғыс» атты публицистикалық мақаласында фашизмге анықтама берді. Сол бір отызыншы жылдары қазақ баспасөзінде көтерер жүгі ауыр, жауапкершілігі мол халықаралық тарыпқа қалам тартудың қиындығы кім-кімге де аян еді. Саттар Одақтық көлемдегі халықаралық тақырыпқа жазылған туындылары мен публицистік мақалаларымен танысып, зерттеумен ғана шектеліп қоймай қазақ оқырмандарына осы қажетіне жарар-ау деген үздік повесть үзінділері мен әңгімелерді орысшадан ана тілімізге аударды. «Фашизм және соғыс» атты публицистикалық мақаласымен қандыбалақ, сары оба герман фашизм мен жапон милитаристерін күллі адамзат баласының өркендеу жолына от тастап, найзағай ойнатып отырған ұлтшылдық, фашистік саясаттың неге апарып соқтырарына талдау жасайды. Соғыс тауқыметі, қайғы-қасіретінен адам баласының шегер жәбір-жапасы қандай болмақ, соған анықтама береді. Сөйтіп, Саттар халықаралық тақырыптарға да қалам тартты және үлкен болжампаздық көрсетті. Саттардай публицистің мұндай аңғарымпаздығы халықаралық күштердің ара салмағын дұрыс пайымдай білгендігін көрсетті.

Саттардың 60 жылдығында (1974 ж.):

«Өмір деген өксіңді 23 жылда,

Бір баса алмай кеттің бе?

Болашақтың базарында біздерменен,

Сырласа алмай кеттің бе?!» – деп, акын Нұрсұлтан Әлімқұлов жырлағандай, асаудайын алқынған, ағыстайын бұлқынған жас жүрек, қырышын ғұмыр, барша адамзат баласына баянды бақыт сыйлағысы келді. Сыйлайды да. Жырласа, шынайы бақытты, адал махаббатты, Отан мен достықты жырлады. Халықтар достығының өміршендігіне қалам тартты. Жаңа қоғам орнатушы болмысы бөлек, жаңа тұрпаттағы адамды жырлап, шығармасына өзек етті. «Өмірдің мәні – адал махаббат, пәк сезім, еңбек зейнеті» деп Саттар өмірге өз қағидасын ала келді. «Бақыт не?» деген сауалға, «Өмірдің өзі екен. Ол – еңбек. Советтік қоғамдағы еңбек» деп дәл де нақты анықтамасын берді.

Саттар орыс халқының асқан сөз зергері М.Горькийді ұстаз тұтты. «Мен жазушы болғым келді. Горькийге ұқсап жағалауда теңіз желіне кеудемді төсей отырып, Макар Чударлардың әңгімесін тыңдағым келді. Бұл Горькийдің әсері еді» деп оның ұстаздығын алға тартты. М.Горький «Адам деген ардақты ат» деп асқақ адамды, ер-ананы, ерлік пен өрлікті құдіретті де қуатты пафоста жырласа, Саттар да өз биігінде адам бақыты мен мәңгілік өмірді, өмірдің көркемдігі жайлы толғамды ойлар айтып, жыр қайнарын тасытты.

Өз дәрежесінде толысқан Саттар жан серігі қаламын қолынан бір сәтке тастамады. Өзеурей келіп, тұс-тұсынан қамалап, дегбірін қашырған дертті аурумен арпалыса жүріп, жас та болса өмірден тоқығаны, алғаны көл-көсір жан жаңа қоғамның жасампаздығы мен адамдардың еңбектегі ерен ерлігін, замандастарының жарқын бейнесін сомдауға бар күш-

жігерін жұмсады. Сөз кезегін Саттардың өзіне берейікші. Алқынған, алабұртқан жас жүректің соңғы сағаттағы бұлқына соққан дүрсіліне, алқынысына құлақ түрейік:

«Ленинградта мен ауырып қалдым. Мені ауруханаға салды. Ыстығым 40 градус болды. Күн сайын менің халім ауырлай берді. Сонда мен Бердәлінің бақыты туралы жаза бастадым. «Ғажап!» дейді науқастар, төрінен көрі жақын, сонда да ұзақты күнге жазуын бір қоймайды» деген үзік те, мөлтек сырынан Саттардың творчествоға жауапкершілікпен құлай берілгендік тұрғыда ынтызарлықпен қарағаны кім-кімге де үлгі болса керек. Кереметті қараңыз, Саттар ағасының осы ерлігін, өмірден ерте озған, есімі танымал қылқалам шебері Мұратбек Жоламанов та бертінде қайталады. Ауруханада жатып, қызуы 39-40 градус болғанша сурет салуын тоқтатпаған «Демалсаңшы» деген анасының өтінішіне: «Мен суретті өлмеу үшін салып жатқан жоқпын ба?» – дейді екен. Саттардың жүрек қанымен, жан жылуымен жазылған өміршең туындыларын, публицистік шығармаларын оқып, саналуан журналистік шеберлік қырымен танысып алу арқылы сіз де бір сәт адам бақытымен бетпе-бет жүздескендей боласыз. Саттар Ерубәев – қазақ журналистикасының қалыптасу, өркендеу кезеңінде өзінің тиесілі орнын алған жауынгер журналист. Саттар өмірдің қайнаған қалың ортасында болды. Астықты өлке Көкшетауда, тайқазаны тасыған, қара алтыны ақтарылған көмірлі Қарағандының өнеркәсіп орындарында, шахта, рудник, алып құрылыс алаңдарында, мың сан жүрек табысқан, мың сан білек тоғысқан жерде болды. Өмірді жете танып білді. Саттардың очерктері мен мақалаларының өміршендігі де осында жатыр.

Саттар аз жасаса да көп тындырған, мағыналы өмір кешкен жан. Жазғанынан жазбағы, айтқанынан айтпағы, бергенінен берері мол, қыруар болатын. Қаламгер ақынның қазыналы көмбесінің бір жақ бүйірі ғана, сыр сандығының бір жақ шеті ғана ашылып үлгерді. «Менің құрдастарым» романымен-ақ қазақ әдебиетінің қасиетті төрінен құрметті орын алған болса, журналистік шеберлігімен, публицистикалық шығармаларымен қазақ журналистикасының төрінен де өз орын алуы заңды деп санаймыз. Оның журналистік шеберлігінен өз тұтастары ғана үлгі алып қойған жоқ. Бүкіл бір ұрпақ үлгі алды, қадір тұтты. Ел басына күн туған жылдары қан майданнан жыр жазған жалынды публицист Баубек Бұлқышевтің «Өмір мен өлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді «Шығыс ұлына хат», «Заман біздікі» деген публицистикалық шығармаларынан, Мұқан Иманжановтың «Қош бол, досым!» очерк-поэмасынан, «Дос қайғысы», «Орынбай қарт» очерктерінен Саттар үнін, Саттар тағылымын кездестіреміз. Жастық жалыны сөнбейтін жанның, ізгі жүректі талант иесінің, көкке бой түзеген шынардың жапырағы ерте үзілгенімен, діңі, тамыры солған жоқ. Жыл өткен сайын көктеп, көгеруде. Жасарып, жаңғыруда. Қазақ әдебиеті мен журналистикасының есігін ашқан әрбір жас, қалың оқырман мәңгі жас, мәңгі құрдас Саттармен жан сырласындай табысып жатады. Жаңа бір сырлас, сыйлас, мүдделес досына жолығысады. Саттар халық жүрегінде, халық тілінде, халық жанында қашан да сол қалпы. Тума, өр талант Саттар халқымен бірге мәңгі жасайды. Өмір деп өткен өр талант, құйрықты жұлдыздай ағып өткен жас ғұмыр, өлмейтұғын артына сөз қалдырған, халқымыздың аяулы перзенті, ақын, жазушы, публицист Саттар Ерубәевтың туғанына бір ғасыр – жүз жыл толған тұстағы айлар сөздің бір парасы осы болатын.

Автордан: Өршіл талант, қыршын ғұмыр Саттар Ерубәевтың қаламгер болып қалыптасуына, азамат ретінде шыңдалуына айрықша әсер еткен Қарағанды қаласына биыл – 80 жыл. Осы себепті, жалынды журналист-жазушының гасырлық мерейтойына арналған эссе мақаламды «Орталық Қазақстан» газетінің ізгі ниетті оқырмандарына ыстық пейіліммен ұсынып отырмын. Қызығушылық туып, Алла бұйыртып жатса, тақырыпты кеңейтіп, одан әрі жалғастыру ойда бар, қадірменді оқырман!